

## **Шектеу іс-шараларын алу және Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 2411 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 3678 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 қазанда № 7524 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 33, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Занының 10-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ақтөбе қалалық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 5-2/316 ұсынысы негізінде, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласы "Алматы" ауданының Белогор карьері тұрғын үй алабының аумағында ұсақ мүйізді қара малының арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 2411 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7196 болып тіркелген, 2020 жылғы 24 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны, оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қаласының әкімі*

*Шахаров*